



**«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ КОРПОРАЦИЯСЫ» ЖШС
ШЕТЕЛДІК ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН «Global Talent Scholarship»
АРНАЙЫ СТИПЕНДИЯСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Бекітемін

«Халықаралық білім беру
корпорациясы» ЖШС
ректоры

Б.А. Сабынғалиев

27

2026 ж.



**ШЕТЕЛДІК ТАЛАПКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН «Global Talent
Scholarship» АРНАЙЫ СТИПЕНДИЯСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы қ.



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже**

11 беттің 2-беті

1. «Global Talent Scholarship» арнайы стипендиясы (бұдан әрі - арнайы стипендия) «Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС-ға (бұдан әрі - «ХБК» ЖШС) ақылы негізде оқуға түсуге тілек білдірген, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын талапкерлерге беріледі.

2. Арнайы стипендия оқу мерзімінің толық кезеңіне 15%, 25%, 50% және 75% мөлшерінде жеңілдік түрінде беріледі.

3. Арнайы стипендия алуға конкурстық іріктеуден өткен және мынадай критерийлерге сәйкес келетін талапкерлер үміткер бола алады:

- аттестаттағы жақсы және үздік бағалар;
- академиялық шығарма;
- әңгімелесуден сәтті өткендер;
- Сәулет мектебі мен Дизайн мектебіне түсушілер үшін шығармашылық емтихандардағы бағалар қосымша ескеріледі.

4. Арнаулы стипендияны тағайындауға үміткерлер «ХБК» ЖШС ректорының атына бекітілген нысандағы арнайы бланкіде өтініш береді (1-қосымша). Өтінімге тиісті құжаттар міндетті түрде қоса беріледі, олардың ең аз тізбесі конкурсқа қатысуға арналған өтінімнің арнайы бланкісінде белгіленген.

5. Арнайы стипендия алуға арналған конкурсқа қатысу үшін өтініштер 20 маусымнан 5 тамызға дейін қабылданады. Сәулет мектебіне және Дизайн мектебіне түсушілер үшін шығармашылық емтихандар ведомосынан үзінділерді қосымшасың 5 тамызға дейін жіберуге болады.

6. Өтініштер жиналғаннан кейін, белгіленген күні Ректордың бұйрығымен бекітілген құрамдағы Комиссия арнайы стипендия тағайындауға үміткерлерді қарастырады.

6.1. Байқау комиссиясының құрамына кіреді:

- 1) Ректор – төраға;
 - 2) Байқау комиссиясының хатшысы.
- Байқау комиссиясының мүшелері:
- 3) Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор;
 - 4) Қаржы және әкімшілік мәселелер жөніндегі проректор;
 - 5) Әлеуметтік даму және тәрбиелік жұмыс жөніндегі проректордың м.а.;
 - 6) Маркетинг департаментінің директоры;
 - 7) Тіркеуші;
 - 8) Заң қызметінің басшысы.

6.2. Бағалау критерийлері:

1) стипендия алу құқығында басымдық аттестаттағы ең жоғары бағалары мен қабылдау емтихандарының нәтижелері жоғары болған абитуриентке беріледі.

2) бағалар тең болған жағдайда, Комиссия қосымша төмендегілерді қарастыруға құқылы:

- ғылыми, спорттық, шығармашылық салалардағы жетістіктерді (дипломдар, марапаттар, сертификаттармен расталады – Қосымша 2).



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже**

11 беттің 3-беті

6.3. Арнайы стипендияны тиісті жеңілдік мөлшерімен әділ және ашық тағайындауды қамтамасыз ету мақсатында Комиссия әрбір үміткерді төмендегі критерийлер бойынша бағалайды:

Барлық бағыттар бойынша (шығармашылық емтихандарсыз):

Өлшем	Ұпайлар (макс. 10)	Түсініктеме
Аттестат:	4-ке дейін	Орташа балл шкала бойынша аударылды (төменде қараңыз)
Академиялық шығарма:	3-ке дейін	Мазмұны, мақсаты, логикасы бағаланады
Жеке жетістіктер:	3-ке дейін	Сертификаттар, конкурстар, еріктілер және т.б.
Барлығы:	10	

**«Сәулет мектебі» және «Дизайн мектебі» бағыттары бойынша
(шығармашылық емтихандармен):**

Өлшемдер	Ұпайлар (макс. 20)	Түсініктеме
Аттестат	4-ке дейін	
Академиялық шығарма	3-ке дейін	
Жеке жетістіктер	3-ке дейін	
Сызу (50-ден)	5-ке дейін	(Балл / 50) × 5
Сурет (50-ден)	5-ке дейін	(Балл / 50) × 5
Барлығы	20.	

Академиялық шығарманы бағалау критерийлері

Өлшемдер	Сипаттама	Ұпайлар
1. Мәтіннің логикасы мен құрылымы	Кіріспе, негізгі бөлім және қорытындының болуы; ойдың қисынды баяндалуы	1-ге дейін
2. Аргументация және мотивация	Оқытудың нақты тұжырымдалған мақсаты ЖОО мен мамандықты таңдау себептері	1-ге дейін
3. Тілдік сауаттылық	Өрескел қателердің болмауы, тұжырымдамалардың анықтығы, берудің ұқыптылығы	1-ге дейін
Барлығы:		3.

Орташа балды аттестат үшін балға ауыстыру (4 балл):

Орташа балл (% немесе 5 баллдық жүйеде)	4 -тен ұпай
95-100% немесе 5.0	4
90-94% немесе 4.75-4.99	3.5
85-89% немесе 4.5-4.74	3
80-84% немесе 4.0-4.49	2.5
75-79% немесе 3.5-3.99	2
70-74%	1.5
<70%	1 немесе 0



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже**

11 беттің 4-беті

Жеңілдікті тарату барлық бағыттар үшін (шығармашылық емтихандарсыз):

10 балдық шкала бойынша жалпы балл	Жеңілдік
8-10	75%
6-7.9	50%
4-5.9	25%
2-3.9	15%
2-дан төмен	Жеңілдік жоқ

**«Сәулет мектебі» және «Дизайн мектебі» (шығармашылық емтихандармен)
бағыттары бойынша жеңілдіктің бөлінуі:**

10 балдық шкала бойынша жалпы балл	Жеңілдік
16-20	75%
12-15.9	52%
8-11.9	25%
4-7.9	15%
4-тен төмен	Жеңілдік жоқ

6.4. Комиссия ұпайлар тең болған жағдайда немесе өз қалауы бойынша 3-қосымшада көрсетілген қосымша факторларды (ерекше жетістіктер және т.б.) ескеруге құқылы.

Комиссия мүшелері енгізген бағалар мен түсініктемелер жариялауға тыйым салынған және «ХБК» ЖШС тиісті қызметкерлері ғана қол жеткізе алатын құпия ақпарат болып табылады.

7. Конкурстық комиссияның құрамын бекіту туралы бұйрық қабылдау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін шығарылады.

8. Келесі оқу курстарына жеңілдікті сақтау критерийлері.

8.1. Келесі оқу курсына өткен кезде жеңілдікті сақтау үшін білім алушы келесі талаптарға сай болуы міндетті:

- 1) GPA орташа балы 4.0-ден кемінде 2.5 болуы;
- 2) академиялық қарызының болмауы (оқу жылының қорытындысы бойынша жабылмаған пәндердің болмауы);
- 3) оқу ақысын төлеу бойынша қаржылық берешегі болмауы;
- 4) оқу жылы ішінде тәртіптік жазалардың болмауы.

8.2. Комиссия жеңілдікті сақтау туралы шешім қабылдауда білім алушының қосымша жетістіктерін (ғылыми конференцияларға, конкурстарға, олимпиадаларға, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысуы) оң фактор ретінде ескеруге құқылы.

8.3. Белгіленген критерийлерге сәйкестікті тексеру әрбір емтихан сессиясының қорытындысы бойынша (семестр аяқталғаннан кейін) маркетинг департаменті тарапынан жүргізіледі. Маркетинг департаменті тіркеу кеңсесінен білім алушылардың академиялық үлгерімі және академиялық берешегінің бар-



**«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже**

11 беттің 5-беті

жоғы туралы мәліметтерді, ал қаржы-экономикалық бөлімнен қаржылық берешектің бар-жоғы туралы ақпаратты сұратады, содан кейін арнайы стипендияны сақтау үшін білім алушылардың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексереді. Осы Ереженің 8.1-тармағында белгіленген талаптарға білім алушы келесі оқу курсына өткен кезде арнайы стипендияны сақтау үшін сәйкес келмеген жағдайда, маркетинг департаменті білім алушыны оқу ақысындағы жеңілдіктен айырылу қаупі туралы хабардар етеді. Оқу жылының қорытындысы бойынша белгіленген критерийлерге сәйкессіздік анықталған жағдайда, ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен оқу ақысындағы жеңілдікті сақтау немесе одан айыру туралы шешім қабылдайтын конкурстық комиссия құрылады.

9. Шешімдер конкурстық комиссия мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады.

Конкурстық комиссия мүшесі арнайы стипендияға қандай да бір үміткер бойынша шешіммен келіспеген жағдайда, комиссия мүшесінің ерекше пікірі хаттамаға енгізіледі. Конкурстық комиссияның шешімі арнайы стипендия тағайындау туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күшіне енеді, даулануға жатпайды және түпкілікті болып табылады.

10. Бұйрықтар хаттама негізінде шығарылады:

1. ҚР азаматтары болып табылмайтын талапкерлерді «ХБК» ЖШС студенттері қатарына ақылы негізде қабылдау туралы;
2. жеңілдіктің тиісті мөлшерімен арнайы стипендия беру туралы.

11. Конкурс қорытындылары конкурстық комиссияның шешімі күшіне енген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде «ХБК» ЖШС ресми сайтында жарияланады.

12. Оқу жылының қорытындысы бойынша талаптарды сақтамауына байланысты жеңілдік алу құқығынан айырылған білім алушыға оқу жылы аяқталғаннан кейін бекітілген үлгідегі арнайы бланк (2-қосымша) бойынша қайта өтінішті бір реттен артық емес беруге рұқсат етіледі.

13. Оқудан шығарылған немесе басқа білім беру ұйымына ауысқан жағдайда, білім алушы берілген жеңілдіктің толық сомасын өтеуге міндетті.



«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже

11 беттің 7-беті

Қосымша 1

«ХБК» ЖШС ректоры

кімнен

білім алушының тегі, аты, әкесінің аты

(байланыс телефоны)

Азаматтығы: _____

Тұрғылықты мекенжайы: _____

Байланыс телефоны: _____

Электрондық пошта: _____

Білім беру бағдарламасы: _____

ӨТІНІШ

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын талапкерлерге 20__-20__ оқу жылына арналған «Global Talent Scholarship» арнайы стипендиясын алуға арналған конкурса қатысу үшін менің кандидатурамды қарастыруды сұраймын.

Конкурс туралы ережемен таныстым, сенімді ақпарат пен растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенемін.

Өтінішке қоса беремін:

- төлқұжат көшірмесі;
- Қосымшасы бар аттестаттың көшірмесі (нострификациядан міндетті түрде өту);
- Академиялық шығарма;
- Жеке жетістіктерді растау (сертификаттар, грамоталар және т.б.);
- «Сәулет мектебі» және «Дизайн мектебі» бағыттары үшін: сурет және сызу бойынша шығармашылық емтихандар ведомосынан үзінді көшірмелер.

20__ ж. «__» _____

(талапкердің қолы)



«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже

11 беттің 8-беті

2-қосымша

«ХБК» ЖШС ректорына _____
_____ курс студентінен

_____ мектебінің
Т.А.Ә. толық

Байланыс телефоны _____

E-mail _____

ӨТІНІШ

*шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship» арнайы
стипендиясын қайта қарастыру туралы*

Мен, _____,
20__-20__ оқу жылының қорытындысы бойынша
_____ байланысты маған
оқуға арналған арнайы стипендия беру мәселесін қайта қарастыруыңызды
сұраймын.

Бұған дейін берілген жеңілдіктің тоқтатылуына әсер еткен
жағдайлардың белгіленген талаптарға сәйкес келтірілгенін хабарлаймын.

Арызға келесі растайтын құжаттарды қоса тіркеймін:

- Академиялық және қаржылық қарыздың жоқтығы туралы анықтама;
- Соңғы оқу жылы бойынша үлгерім транскрипті;

«__» _____ 20__ ж.

студенттің қолы



«Халықаралық білім беру корпорациясы» ЖШС
Шетелдік талапкерлерге арналған «Global Talent Scholarship»
арнайы стипендиясы туралы ереже

11 беттің 9-беті

3-қосымша

Шетелдік студенттерге арналған «Global Talent Scholarship» арнайы стипендиясына үміткерді бағалаудың
қосымша критерийлері
(бар болса)

№	Өлшемдер
.	Оқу, ғылыми-зерттеу қызметіндегі жетістіктер (олимпиадаларда жүлделі орындар, конференцияларда баяндама жасау, жарияланымдар дайындау және т.б.) : I дәрежелі диплом II дәрежелі диплом III дәрежелі диплом
.	Спортшы: Марапаттар, дипломдар.
.	Өнер, сәулет, дизайн, бейнелеу және сәндік-колданбалы шығармашылық саласындағы конкурстарға, фестивальдарға, көрмелерге және басқа да іс-шараларға қатысу: Дипломдар, сертификаттар, грамоталар.

